

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



ҚАЗАҚ ТІЛІ
орташа деңгей (B1), 2-семестр





9-САБАҚ
АҚША ЖҰМСАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?
ШЫЛАУ ТҮРЛЕРІ.(СЕПТЕУЛІК, ЖАЛҒАУЛЫҚ, ДЕМЕУЛІК)

1-тапсырма. Берілген сөздерді, сөз тіркестерін дәптерге жазыңыз, жаттаңыз.

тұрақты	постоянный
қор жинау	сбор средств
маңызды	важный
артық	избыток
қажетті	необходимые
ақшаны жұмсау	тратить деньги
жұмсай білу	уметь тратить
тиімді	эффективно
қаржылық жағдай	финансовое положение
қосымша табыс	дополнительный доход
кіріс	денежный доход
шығыс	денежные расходы

Оқылым 9. Тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, мазмұндаңыз.

АҚША ЖҰМСАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ақша жұмсау – бұл қазіргі заманғы өмірде маңызды дағдылардың бірі. Ақшаны дұрыс жұмсау адамның қаржылық жағдайын және болашақтағы әл-ауқатын айтарлықтай әсер етеді.

Ақшаны тиімді жұмсау үшін белгілі бір принциптер мен ережелерді ұстану қажет.

Бюджет құру — Ақшаны жұмсамас бұрын, оның қайда және қанша жұмсалатынын жоспарлау керек. Бюджет арқылы кірістер мен шығыстарды теңестіріп, қажетсіз шығындардан аулақ болуға болады.

Тиімді тұтыну — Ақша жұмсау кезінде қажетті және артық заттарды ажырата білу маңызды.

Артық шығындардан сақтанып, тек қажетті заттарды сатып алу керек.

Қор жинау — Тұрақты түрде белгілі бір бөлігін жинап отыру қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл болашақта күтпеген шығындарға немесе үлкен сатып алуларға дайын болуға көмектеседі.

Инвестициялау — Ақшаны тек тұтынуға емес, инвестицияға да жұмсай білу маңызды. Осылайша, ақша уақыт өте келе көбейіп, сізге қосымша табыс әкелуі мүмкін.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазіргі заманғы өмірде маңызды дағдылардың бірі не?
2. Ақшаны дұрыс жұмсау неге әсер етеді?
3. Ақшаны тиімді жұмсау үшін не істеу керек?
4. Бюджет құру дегенді қалай түсінесіз?
5. Бюджет арқылы кірістер мен шығыстарды не істеуге болады?
6. Артық шығындардан не істеу керек?
7. Қор жинау деген не?
8. Тұрақты түрде белгілі бір бөлігін жинап отыру нені қамтамасыз етеді?
9. Инвестициялау дегеніміз не?
10. Ақшаны тек тұтынуға емес, инвестицияға да жұмсай білу маңызды ма?

4-тапсырма. Өз ойыңызды жазыңыз.

1. Отбасылық бюджет — _____ .
2. Қаржылық сауаттылық — _____ .
3. Ақша жұмсай білу — _____ .
4. Қосымша табыс табу — _____ .

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

Бюджет жасайды – ай сайынғы ... пен шығысты жоспарлайды. Артық шығыннан қашады – қажетсіз нәрселерге ақша Қажетті мен қалағанды ажырата біледі – эмоцияға беріліп емес, саналы ... сауда жасайды. Қаржы мақсаттары бар – мысалы, үй алу, демалысқа бару немесе ... жағдай қорын жинау. Несие мен қарызды тиімді пайдаланады – үстемесі ... қарыздан қашады. Жинақтайды және инвестиция салады – болашаққа ... жинау маңызды екенін түсінеді.

Қажетті сөздер: шешіммен, төтенше, шашпайды, кіріс, ақша, жоғары.

6-тапсырма. Шылау түрлеріне анықтама беріңіз, мысал келтіріңіз.

Шылау түрлері	Анықтамасы, мысалы
септеулік	
жалғаулық	
демеулік	

7-тапсырма. Берілген мысалдардан шылау түрлерін ажыратып жазыңыз.

Шылау түрлері	Мысалдар
	меніңше (менің ойымша), бойынша (сәйкесінше), сәйкес (сәйкесінше), арқылы (средством), үшін (мақсат), бойымен (бойынша, бағытында), дейін (уақытты білдіреді) және, бірақ, сондықтан, өйткені, яғни, не, яки, әрі, сондай-ақ, дегенмен, сондай
	ма, ме, ба, бе, па, пе, ше, ғана, қана, ғой, қой, ау

8-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

Оқып жатыр, кешке бітірмек, ол туралы, үнемі айтып жүреді, жиналысқа қатыспады, оны түсінемін.

9-тапсырма. Өзіңізді тексеріп көріңіз.

1. Соңғы айда не нәрсеге ең көп ақша жұмсадыңыз?
2. Сол шығындардың бәрі шынымен қажет болды ма?
3. Төтенше жағдайға жинақ қорыңыз бар ма?
4. Кірісіңізге сай өмір сүріп жүрсіз бе, әлде несиеге сүйеніп жүрсіз бе?

10-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Если начать вести учёт расходов, вы сможете:

Понять, куда именно уходят деньги. Часто удивляешься, сколько уходит на мелочи — кофе, перекусы, подписки.

Достигать финансовых целей быстрее — копить на отпуск, квартиру, обучение.

Чувствовать себя увереннее и спокойнее, потому что деньги под контролем.